



ПАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Панорама: дүниежүзі тарихы





Дәрістің мақсаты: студенттерді оқытылатын мәліметтермен таныстыру және ерте жаңа заман кезенінің тенденцияларын сипаттау.

Кілт сөздер: Afroeurasia, биосфера, Атлантика, Еуразия, мұхиттар, құрлықтар, конвергенция.

Кіріспе

Бұл құнды еңбектің авторлары америкалық ғалымдар Росс Данн және Лора Митчелл. Олар өз сұхбатында «Панорама: Дүниежүзі тарихы» атты кітаптың әлем тарихының дамуын сипаттау мақсатында дайындалғандығын атап өтті. Авторлар өздерінің негізгі зерттеу объектісі ретінде адамзат баласының дамуын қарастыратынын атап өту керек.

Кітаптың мазмұнында көрсетілген бірінші авторымыз – америкалық ғалым Росс Данн. Росс Данн – АҚШ-тағы Сан-Диего университетінің Құрметті профессоры. Білікті ұстаз ретінде ол бұл университетте Африка, Ислам әлемі және дүниежүзі тарихының маңызды мәселелерін оқытты. Росс Данн өзінің ғылыми ізденістерінің бастапқы кезеңінде Солтүстік Африка тарихын зерттеуге қызығушылық танытып, «Шөлде қарсыласу: Француз империализміне Марокколық жауаптар» (1881–1912) деген еңбегін жариялады. Оның дүниежүзі тарихы бойынша дәрістер жүргізуі «Ибн Батуттың оқиғалары» (1987) атты қызықты еңбекті жазуына шабыт берді. Бұл кітаптың үшінші рет басылып шығуының өзі оның үлкен сұранысқа ие болғандығын көрсетіп отыр.

Росс Даннның дүниежүзі тарихын зерттеуге ұмтылысы оның осы бағытта бірқатар еңбектерді жариялауына ықпал етті. Олардың қатарында Г. Наш және Ш. Крабтримен бірігіп жазған «Тарихтың соты: мәдени қақтығыстар мен өткенді оқыту», 2000 жылы шыққан «Жаңа әлем тарихы: ұстаздың жол көрсетуі» сияқты еңбектері бар. Росс Данн осы еңбектерді жариялаумен шектелмей, 2000 жылы қазіргі таңда көпшіліктің сұранысына ие болып отырған «Панорама: дүниежүзі тарихы» оқулығын жазуға кірісті. Бұл оқулық 2015 жылы басылып шықты. Сондай-ақ, бұл оқулық 15 жылдық америкалық ғалымдардың ізденістері мен зерттеулері негізінде жазылған құнды еңбек болып отыр. Сонымен қатар, оқулықтың мазмұны колледж және университеттердегі дүниежүзі тарихы бойынша оқу бағдарламаларына сүйенген.

Лора Митчеллге тоқталатын болсақ, ол – Калифорния университетінің қауымдастырылған профессоры. Бұл ЖОО-да студенттерге африкалық және дүниежүзі тарихынан дәрістер жүргізеді. Оның отарлық оңтүстік Африка бойынша зерттеулері Американың бірнеше бағдарламалары тарапынан қолдау тапты. Өзінің ғылыми ізденістерінде Митчелл отарлық оңтүстік Африканың әлеуметтік тарихына ерекше көңіл бөледі. Митчелл ғылыми зерттеу жұмыстарымен қатар, өзінің іскерлік қабілетін көптеген ғалымдар және тарихшылармен бірлесіп жұмыс атқаруда байқатып келеді. Ол Еуропалық кеңейту және жаһандық өзара әрекеттестік форумының президенті, Әлем тарихы Ассоциациясының атқарушы кеңесінің мүшесі сияқты жауапты ғылыми ұйымдастырушылық қызметтерді атқарды.

Лора Митчеллдың Отарлық оңтүстік Африкадағы зерттеудегі ауқымды еңбегі – 2009 жылы «Керек-жарақтар: отарлық оңтүстік Африкадағы меншік, отбасы және біркелкілік» деген атпен жарық көрді. Бұл автордың көпжылдық ізденіске сүйенген еңбегі ғылыми қауымдастықпен мойындалып, Лора Митчелл ол үшін Гутенберг сыйлығын жеңіп алды.

Дүниежүзі тарихын сипаттайтын «Панорама» аймақтық шегараларды түгел қамтып, ірі масштабты, жаһандық үлгілерді кеңінен, жаңашылдықпен талдайды. Кітаптың мұндай жаңалығына қоса, ұғынықты хронология, сын тезінен өткен цифрлы құралдар арқылы ғасырға созылған өзгерістер мен сабақтастықты оқып-білеміз. Білім көкжиегіндегі олқылықтарды бағалап, сыни бағалау машығын қалыптастыратындықтан, кітапты парақтаған әр оқушы тарих тереңіне сүңгі түсетініне кепілміз. Дүниежүзі тарихын, оның ірімасштабты жаһандық процестерін терең ұғыну және ХХІ ғасыр студенттері үшін маңызды әрі толыққанды курс оқу – осының бір дәлелі.



«Панорама: Дүниежүзі тарихы» оқулығы

Дүниежүзі тарихы бойынша бұл оқулық екі кітапқа бөліп қарастырылады. Еңбекте авторлар адамзат тарихын кешенді түрде талдап, жер шарын басты параметр ретінде алуға басты көңілді аударған. «Панорама: Дүниежүзі тарихы» оқулығы хронологиялық түрде тарауларға бөлініп, әр кезеңнің өзіндік аймақтық немесе тақырыптық ерекшеліктерімен жазылғандығын атап өтуіміз керек.

Адамзат пайда болғаннан бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихи жолын кең ауқымда сипаттайтын бұл оқулықтың бірінші кітабы *Homo sapiens* өкілінің жетілу жолы тарихынан бастап, 1750 жылдарға дейінгі жаңа заман тарихын толық қамтиды.

Бірінші кітап бес бөлімнен тұрады және әр бөлімде адамзат тарихының даму жолы кезең-кезеңімен суреттеледі. Адамзат дамуы, дүние жүзін игеруі, дүниенің төрт бұрышына таралуы және қауымдарға бірлесіп, ықпалды мемлекеттер құруының көне дәуірден басталған жолы осы кітапта жан-жақты және бұлтартпас тарихи деректерді сөйлете отырып сипатталады.

Оқулыққа өз бағасын берген белгілі шетелдік ғалымдар да еңбектегі хронологиялық баяндаудың оқырман қауым үшін ерекше маңызды екендігін атап өтеді. Мәселен, Вустер ұлттық университетінің ғалымы Эрика Бисахердің пікірінше: «Студенттер оқиғалардың тәртібін түсінуді қалайды, бірақ көп жағдайда тарих ұғынуға қиын аса күрделі уақыттық шеңберден басталады. Панорама еңбегінің форматы ғаламдық мәселелер мен кең ауқымдық тақырыптарды тәртіпке келетін хронологиялық жолмен біріктіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл оқулық студенттердің өздері білетін басқа да мысалдар туралы ойлануына ықпал етеді».

Панорама бойынша пікірлер

«Адамзат тарихын жаһандық уақыт тезіне салатын дүниежүзі тарихының нағыз кітабы – осы! Бүкіл адамзатты және оның ғасырлық қарым-қатынасын назарға алған «Панорама» – адамзаттың бастан өткенін тұжырымдап һәм кешенді әдіспен қарастырған». Эдмунд Бурк III, Калифорния Университеті, Санта Круз.

«Нақты бір аймақтағы нақты бір тұлға жайлы індетте зерттеу арқылы жаһандық байланыстар интеграциясын сипаттаған авторлар «Панорамада» жаңа дүниежүзі тарихының ерекшелігін көрсетіп берді. Әдетте дүниежүзі тарихының көлеңкесінде қалып қоятын африкалық секілді халықтарға ерекше көңіл бөлуі – ғалам тарихшылары мен студенттердің тарихи көзқарастарын әртараптандыруға жол ашады» (Ричард Уорнер, Вабаш колледжі).

«Ғажап кітап. Данн мен Митчеллдің талдау жасау, жаһандық зерттеу дәрежелері және дүниежүзі тарихын оқытудағы жылдар бойы жинаған тәжірибесі кітапта тамаша үйлескен. Дүниежүзі тарихын оқытудың шыжығын бір кісідей көрген біздер осы салада үлкен тәжірибесі бар ғалымдар жасаған озық жаһандық оқулық ақыры қолымызға тигеніне қуанамыз» (Элейн Кэри, Сент-Джон университеті).

«Дүниежүзі тарихы бойынша интеллектуалды және пайдалы, «дүниежүзі» атауына әбден лайық кітапты енді тапқан сияқтымын. Оқуға жеңіл, дүние тарихын тұтас қамтыған, айқын аналитикалық құрылымы бар. Әсіресе экологиялық перспективасын қатты ұнаттым» (Филлис Джестис, Чарльстон колледжі).

«Бір-біріне жалғасқан дәуірлердің жаһандық масштабтағы нағыз салыстырмалы құрылымы – Панораманың» басты ерекшелігі. XV ғасыр аяғында орнаған қарым-қатынасқа дейінгі Америка мен Мұхит аралдарындағы жеке қоғамдар мен Афроеуроазияның кооперативті һәм бәсекеге қабілетті мәдениеттерінің берік іргетасы – кітаптың өзегі. «Панорама» сол бір негізгі оқиғадан бергі дүниедегі қарым-қатынастың бірізді және ғажап анализін жасайды». Райан Томпсон, Кливленд штатының колледжі.

«Дүниежүзі тарихынан барынша тез арада сабақ беруге ынталандыратын, ақылға қонымды кітап! «Панорама» климат және география мәселелеріне үңіліп, терең әрі инновациялық жол ұсынады» (Брайан Блэк, Пенсильвания мемлекеттік университеті, Алтуна).



«Панорама: Дүниежүзі тарихы» оқулығының тағы бір ұтымды әрі қажетті тұсы – оның мазмұнында студенттердің өзіндік ізденісіне қажетті көптеген деректер мен мәліметтер бар. Мәселен, кітаптың мазмұны бойынша алғашқы беттерде авторлар оқырмандарға маңызды басшылыққа алатын ресурстар, карталардың тізімін ұсынған. Сіз үшін де мұндай мәліметтердің қызықты болары даусыз.

Дүниежүзі тарихы бойынша бұл оқулықтың әрбір тарауы ғаламдық тарихтың әр кезеңінің өзіндік ерекшелігін сипаттайды. Әр тараудың соңында берілетін жеке тапсырмалар студенттердің осы әдебиетпен ғана шектелмей, жан-жақты ізденуіне ықпал етеді.

«Панорама: Дүниежүзі тарихы» оқулығының басты мақсаты – адамзат дамуының тарихын жер шарының бір бөлігі ретінде қарастыру. Авторлар атап өткендей, кітаптағы негізгі тақырып – бұл адамзат қоғамындағы ежелгі кезеңнен бастап бүгінгі уақытқа дейін артып келе жатқан күрделілік. Тарихтың ұзақмерзімдік дамуына көз жүгіртсек, біз адамдардың арасындағы бір-бірімен және Жер шарымен қарым-қатынастардың күрделеніп бара жатқандығын байқаймыз. Мұндай кішіден үлкен көлемге дейін өскен күрделілік бірнеше ғасырлар бойы қалыптасты.

Ал енді кітаптың мазмұнына келетін болсақ, біз бұл курсымызда ортағасырдан қазіргі заманғы уақыт аралығын қарастырып, осы кітаптың екінші томы бойынша жазылған дәрістермен таныстырамыз.

Сіздер алғашқы дәрістерде америкалық ғалымдар белгілеген «ерте жаңа заман кезеңімен» танысатын боласыздар. Бұл кезеңдік бөлініс біздің осы уақытқа дейінгі дүниежүзі тарихын оқытудағы кезеңдік бөліністен ерекшеленеді. Алдымен мектептегі білімді еске түсіріңіздерші. Біздің мектеп оқулықтарында және кейінгі ЖОО-да оқулықтарда жаңа заман кезеңін қай уақыттан бастайтын едік? Әрине барлығыңыз бірауыздан кеңестік, одан кейінгі ресейлік тарихнамада қалыптасқан ағылшын буржуазиялық революциясынан басталады дейтін боларсыздар. Бірақ бұл ұстанымның уақыт өте келе даулы екендігі аян болып отыр. Осы пікірді авторлар «Панорама: дүниежүзі тарихы» кітабында дәлелдеуге тырысқан.

Кітапта ерте жаңа заман кезеңі XV ғасырдан бастап қарастырылады. Себебі авторлардың ойынша осы уақытта мемлекеттердің жақындасу процесі орын алды. Географиялық ашылулар нәтижесінде Афроеуразия әлемі Атлантикамен байланысқа түсті. Әлемдік конвергенцияның жағымдымен қатар, жағымсыз да салдарлары болды. Осы мәселелердің барлығы кітаптың мазмұнында көрініс тапқан.

Алдарыңызда ұсынылған кітаптың «Ұлы әлемдік конвергенция (1450–1750 жж.)» тарауы осы кітаптың түпнұсқасының бесінші тарауы болып табылады. Оның мазмұны «Мұхиттарды кесіп өту, әлемдердің байланысуы, Афроеуразия мен оның жетекші мемлекеттері, Ғаламдық экономиканың таралуы: үміт пен теңсіздік, Байлық пен күштің арасалмағының өзгеруін қарастыратын тараушалардан тұрады.

Бесінші тарауда сіздер Ұлы әлемдік конвергенция қарсаңындағы және оның барысындағы әлем құрлықтары мемлекеттерінің дамуы мен негізгі тенденцияларымен танысасыздар. Мысалы, мұхиттарды кесіп өтуге арналған бірінші тараушада Афроеуразия мен Атлантиканы ашу мақсатында жасалынған экспедициялар, осы құрлықтарда өмір сүрген жетекші мемлекеттердің жағдайы туралы мәліметтерді аласыз. Сонымен қатар, еуропалық отарлау процесінің бағыттары мен ерекшеліктеріне тоқталамыз. Ал екінші тарауда Еуропадан гөрі жаңа заман тұсында алға қарай шыққан Афроеуразия құрлығының басты мемлекеттері мен олардың ішкі және сыртқы саясаты, әлемдік сауда жүйесіндегі рөлі мен отарлық процеске қосылу тенденцияларын қарастырамыз. Үшінші тараушада ғаламдық экономиканың дамуының артықшылықтары мен кемшіліктеріне мән беріп, оның негізгі қаржылану көздеріне мән береміз. Мәселен, ғаламдық экономикалық басымдыққа ие болған күміс тағы басқа металдардың саудасының маңыздылығы сияқты мәселелерге мән береміз. Төртінші тараушада жаңа аймақтарды ашу мен шикізат көздерін табу үшін мемлекеттер арасындағы қақтығыстардың күшеюіне назар аударылады. Отарлық үстемдік үшін күреске тек Азия мемлекеттері ғана емес, Еуропаның жетекші мемлекеттері, Ресей де белсенділігін танытады. Мемлекетаралық қақтығыстар династиялық сипатқа ие бола бастайды. Еуропалық мемлекеттер қару-жараққа көп қаржы бөле бастайды, ал бұл өз кезегінде ішкі дамуды тежейді. Отызжылдық соғыс барысында әлемде жаңа күштердің арасалмағы қалыптасып, «ұлттық егеменділік», «мемлекеттік мүдделерді қорғау» сияқты қағидалар басшылыққа алынатындығы айқын болды.



Түпнұсқаның алтыншы тарауында біз 1750–1914 жылдар аралығындағы қазіргі заман кезеңін қарастырамыз. Ол «1720–1830 жылдардағы Революциялар толқыны», «Энергия және индустриализация», «Жаңа индустриалдық әлемдегі өзгеріс», «Капитал, технология мен жаһандық күш арасалмағының өзгеруі» сияқты тақырыптар туралы жазылған тараушалардан тұрады. Бірінші тараушада біз әлемдік экономикадағы жылдам даму мен әлемнің ұлы мемлекеттері бетпе-бет келген қаржы бюрократиясы, қару-жарақтың артуы сияқты мәселелер арасындағы арақатынасты түсіндіреміз. Екінші тараушада біз 1775–1815 жж. аралығында солтүстік Атлантиканың екі бөлігінде де орын алған революциялық қозғалыстардың алғашқы толқынын қарастырамыз. Бұл жаңа қозғалыстар табиғи құқықтар мен «халықтардың егемендігі» туралы жаңа идеяларға мән берді. Кітаптың соңғы тараушасында біз шамамен бүкіл Латын Америкасын қамтыған революциялардың екінші толқынын қарастырамыз. Бұл ереуілдер британдық солтүстік Америка мен Гаитиде орын алған әлеуметтік ортадан әлдеқайда ерекшеленді, британдық отарларда оларды еуропалықтардың мүлігіне ие америкалықтар жүргізді. Тәуелсіздік үшін күрес жалғасын тапты.

Жетінші тарау «1890 жылдан бүгінгі таңға дейінгі өзгерістердің жылдам дамуы туралы. Ол «Инновация, революция және ғаламдық дағдарыс», «Мазасыз онжылдықтар», «II-дүниежүзілік соғыс және оның салдары», «Жаһандық бум мен оның қайшылықтары», «Өзгерістердің қарама-қайшылықтары» туралы баяндалатын тараушалардан тұрады. Бұл тараушаларда қазіргі заман кезеңіне тән негізгі тенденцияларға толық сипаттама берілген. Ғылыми-технологиялық өзгерістер, әлеуметтік теңсіздік, саяси революциялар, әлем картасын өзгеріске ұшыратқан дүниежүзілік соғыстар, соғыстан кейінгі экономикалық бум мен биполярлық әлем жағдайы мәселелері осы тарауда көрініс тапқан.

Қорытынды

Тарих – адамзат баласының өткені ғана емес. Ол оның бүгінгі мен келешегін анықтайтын маңызды өміріміздің құрамдас бөлігі. Өткенге көз салмайынша біз алға жасайтын қадамымызды нық баса алмаймыз. Сондықтан қазіргі уақытта тарихты жаңа қырынан зерттеу аса өзекті болып отыр.

Әсіресе жаһандану жағдайында, яғни тарихи білімдердің интеграциясы дамуы жағдайында оның бір орында қалуы мүмкін емес. Тарих та, әсіресе, әлемдік тарих мәселесі жаңаша өзгерістерді талап етіп отыр. Бұл өзгерістер бізді кеңестік кезеңдік бөлініске негізделген фармациялық ұстанымнан бас тартып, дүниежүзі тарихы мәселелерін жаңаша қарауды талап етеді. Осы мақсатта мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев жаңа бағдарламалар ұсынып, тарихты қолдауға тырысуда. Тарих қана емес, әлемдік білім процесінен кеш қалмау, Батыстың алдыңғы қатарлы ойларын Қазақстан жастарына жеткізу мақсатында «100 жаңа оқулық» бағдарламасы да ұсынылып отыр. Осы бағдарлама аясындағы ұсынылған «Панорама. Дүниежүзі тарихы» оқулығы сөзсіз студенттер үшін қажет еңбек.

Сұрақтар

1. Кітаптың авторлары туралы не айта аласыз?
2. Ерте жаңа заман кезеңі қай жылдан бастап қарастырылған?
3. Қазіргі заман кезеңі қай уақыттан бастап қарастырылады?
4. Осы кітапты оқу барысында қандай үміт күтесіз?